

## Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ ТІЛДІК ТАНЫМЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Бүгінгі антропологистика аясында қарастырылатын зерттеу жұмыстары үшін тірек материалдар ретінде, көбінесе көркем мәтіндер, тұрақты сөз тіркестері мен паремиологиялық шағын жанр үлгілері алынып жүр. Ал эпистолярлық, публицистикалық туындылардың, сондай-ақ ғылыми проза тілінің осы бағыт бойынша зерттелу деңгейі мардымсыз деуге болады. Ғылыми теориялық зерттеулермен айналысушы ғалым-тұлғалар стилінің зерттелуі жөнінде тілге тиек етер дерек табудың өзі қиын. Осы орайда, адам болмысы мен тіл табиғатының байланысу тетігін көре білген, өр алуан тілдік құбылысты *қоғам, мәдениет, тарих* заңдылықтарымен байланыстыра қараған кәсіби лингвист — Қ.Жұбанов тартқан тілтаным желілері отандық тіл білімі саласында өзіндік ерекшеліктерге ие, әрі жеке проблема ретінде зерделеуге лайықты тарихи, әрі мәдени мұра деп есептейміз. Интеллектуалдық ауқымының кеңдігі мен танымдық тереңдігі айқын сезілетін ХХ ғасырдағы қазақтың ұлттық кәсіби тіл білімінің теориялық негізін салған Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасы уақыт өткен сайын тосын қырларынан таныла түсуде. Қ.Жұбановтың бастамасымен қазақ тіл білімі жалпы тіл білімінің құраушы бөлігі ретінде танылып, әлемдік лингвистика туралы қазақ оқырмандарының да ұғымы қалыптасты. Ғалымның сонау өткен ғасырдың 20–30-жылдары ішінде та-

нылған тілге деген шынайы табиғи, әрі терең философиялық көзқарасы бүгінгі кездегі лингвистиканың жаңа, тың салаларымен астасып жатыр.

Акад. Ә.Қайдардың айтуынша, “Қ.Жұбанов қазақ жерінде дүниеге келіп, ғылымның асқар шыңына көтерілген тамаша білімпаз ғалымдардың қатарынан саналады. Қазақ тіл білімі атты пәннің ірге теуіп, шанырақ көтеруі, кезінде одақ көлеміне танылған ілімге айналуы осы бір жаны жайсаң азаматтың қайраткерлігімен тығыз байланысты” [1, 9]. Біз ұлт тілін тек күнделікті қарым-қатынас пен белгілі бір ұжым мүшелері арасында ғана қолданылатын байланыс жасау “құралы” деп шектемей, оны дүниені танудың, тілді тұтынушы субъектінің қоршаған ортаны образды-эстетикалық, танымдық-философиялық жолмен қабылдаудың, адамгершілікке үндейтін мәдениет құндылықтарын жан азығы ретінде қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа сақтап мирас етудің, биік өркениетке қол жеткізу жолдарының басты шарты екендігін есте ұстар болсақ, онда қазақ тілі жөніндегі ғылымның бой көтеріп, алшаң басып, іргелі білім негізі дәрежесіне көтерілуі мен кемелдену жайын да дұрыс парықтай аламыз. Осы жайларға сәйкес, өз тұсында ұлттық білім мен мәдениет құрылысына белсене атсалысып, өрелі ой мен биік мақсаттарды көздеген Қ.Жұбанов — айналдырған 5-6 жылдың ішінде еуропалық деңгейдегі оқымысты лингвист ретінде сол

күндері тіл білімі үшін беймәлім болып келген ғылыми танымдарға қол жеткізген. Осылайша, шын мәнісіндегі қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаған дарын иесінің аты жалпыға мәлім болды. Қ.Жұбанов тіл ғылымының білгірі болумен ғана шектелмей, ұлтымыздың арғы-бергі тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, дәстүрі мен өнерін, сонымен қатар, ол Орта Азия мен Шығыс, Батыс елдерінің де тұрмыстық салты мен рухани әлемін тереңнен таныған ғұлама ғалым.

Проф. Қ.Жұбанов тіл мен таным проблемаларын зерделеу барысында әрбір тіл иесінің сол тілді тұтынған кезде қоршаған ортаға құндылық көзқарасымен қарайтынын айтады. Ол сонау грек философтарынан бастап, өз заманына дейінгі аралықтағы ойшылдардың лингвогносеологиялық ой-пікірлерін қысқаша шолып, соның ішінде Аристотельдің, Ж.Ж.Руссо мен А.Мейердің пікірлеріне ерекше тоқталған. Қ.Жұбановтың зерттеулеріндегі заттар мен құбылыстардың адамзатқа қатынасы, оларға ат таңылуының объективті себептері, зат пен оның аты арасындағы табиғи немесе кездейсоқ байланыстың түсіндірілуі, микрокосмостық таным, тотемизмнің мәні, ерте замандағы адамдардың қоршаған ортаға, дүниеге көзқарастары арқылы заттарға ат қоюы турасындағы лингвофилософиялық, лингвогносеологиялық ой-тұжырымдары мен дәйіс-дәлелдері әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Керісінше, аталған мәселелер лингвистиканың бүгінгі жаңа парадигмалары тұрғысынан тиянақты зерттеуді қажет етіп отыр.

Негізгі мәселеге кіріспес бұрын Қ.Жұбановтың тіл жөніндегі зерттеулері — *лингвогносеологиялық* ақпараттарға толы деп айтуға негіздемелер баршылық екендігін атап өткен жөн. Оның “Дүниеге көзқарас арқылы заттарға ат қою”, “Микрокосмостық кезен”, “Функционалдық семантика”, “Сөз өзгешелігі мен сөз қызметі”, т.б. ғылыми-танымдық мақалалары мен лекцияларында, түрлі конференциялар мен басқосуларда жасаған баяндамаларында:

- қоршаған орта мен жеке адамның тілдік танымы арасындағы байланыс;
- ақпаратты қабылдау қабілеті және оны еске сақтап, басқаға жеткізу;
- танылған заттар (құбылыстар) мен сөздік қордың сәйкес болуы;
- жекелеген сөздердің өзіне артатын ақпараттық-танымдық жүгі;
- сөздердің тіркесім тәртібіндегі заңдылық;
- құндылық бағдары;

- таным теориясы, т.б. когнитивтік лингвистиканың түбегейлі, базалық ұғымдарымен сәйкес келетін, бүгінгі күннің зерттеушісіне үлкен ой салатын өзекті мәселелер сөз болады.

Қандай да бір заттың аты тек өзінің номинативтік қызметімен ғана шектелмейді, сонымен бірге сол заттың өзін де танытады. Ал тану, яки сол заттың қасиеттерін анықтау үрдісі белгілі бір халықтың тарихи даму ерекшеліктері аясында жүзеге асатындықтан, тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайлармен шарттас болады. Қайсыбір ұжым, не сол ұжымның өкілі заттар мен құбылыстарды күнделікті тіршілік тәжірибесі арқылы өзіне қажетті деген жағынан танып, өзіне әуелден таныс заттармен, құбылыстармен байланыстырады. Осы орайда Қ.Жұбанов: “*адам өзінің тіршілік тартысында ұшырасып, пайдасын я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген*” [2, 150] дейді. Зат танылғаннан кейін оған белгілі бір ат таңылады. Ат қою кезінде өмір шындығы мен ақиқат болмыстың абстракциялау жолымен тілдік формаға айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігінен, еңбек тәжірибесінен, наным-сенімінен хабар беретін белгілі бір сөз атаулары түрінде санаға бекиді. Бірақ осы тұста Қ.Жұбановтың танымына сәйкес ескеретін бір жайт мынадай: “*Сөз деген — зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты. Ел-елдің білгені де, білмегені де толып жатыр. Мәселен, шөптер мен жәндіктердің көбісінің аты тілімізде жоқ. Өйткені, олар бізге көп аса кездеспеген, кездестірсек те елемегенбіз... Айталық, шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатынын, бояу болатынын, ем болатынын, не у болатындарын біледі де, соларға ғана ат қояды. Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды*” [2, 152], — деп сөздің номинативтік, когнитивтік және коммуникативтік қасиеттеріне құндылық бағдары тұрғысынан нақты лингвогносеологиялық анықтама береді.

Мұндағы құндылық бағдары деп отырғанымыз (“*ценностная ориентация*”) — адамның материалдық және рухани құндылықтарға деген талғамдық қатынасы [3]. Когнитивтік лингвистиканың негізгі бірлігі *концепт* болса, концептінің ядролық өзегі әрдайым *құндылық* болып саналады. *Концепт* мәдениетті зерттеу үшін қажет болса, сол әрбір мәдениеттің астарында *құндылық принципі* жатады.

*Құндылық* — әр мәдениеттің ең негізгі сипаттарының бірі, кез келген өркениеттің жоғарғы

сатыға көтерілуінің қозғаушы күші болатын жетекші фактор, “объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым” [4; 124]. Адамның зат пен құбылысқа, санаға берген бағасының тілдік бірліктерден көрініс табуы нәтижесінде тіл білімінің дербес бағыты — *аксиологиялық лингвистика* пайда болып, лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика және когнитологиялық тілтаным салаларымен бір арнада үндестік тауып келеді. Құндылықты сипаттайтын қарым-қатынасқа тән коммуникативтік нақыштардың тілдік санаға сіңісуі — тұтастай алғанда, 1) тіл субъектісі ретінде танылатын этномәдениет өкілдерінің болмысына; жекелей қарастырғанда, 2) әртүрлі әлеуметтік топтардың тіршілік әрекетінен туындайтын міндетті заңдылық болып табылады [5].

*Құндылық бағдары* ұғымына түңғыш рет социофилософиялық анықтаманы Р.Лютце мен Г.Коген берген. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Оны: *пәндік құндылық және субъективтік құндылық* деп бөле қарастыру қалыптасқан.

Қ.Жұбанов өз зерттеулерінің бірінде “каждый человек осознает тот или иной предмет с той лишь стороны, с какой соприкасался он в своей практической жизни и устанавливал связи между явлениями, исходя из той реальной связи, которая ему была известна” [2; 51] деген пікірінің негізінде де осындай принцип жатқандығын айқын аңғаруға болады. Мұның себебі дүниенің болмыс бейнесі адам санасында толығымен орнықпай, тек оның әрбір адамға маңызды саналатын құрамдас бөліктері ғана көрініс табатындығында.

Кез келген көне түбірлер — гносеологиялық (танымдық) үрдістің жемісі, танымның алғашқы көріністері ретінде бағаланады. Адамзат баласы қоршаған ортаны танып, түйсініп, табиғат пен қоғамдық құбылыстар туралы қалыптасқан ұғымды сөзбен танбалаған. Танылатын зат пен құбылыс, қоғам мен ғалам туралы ұғым әуел баста кең, жалпылық мәнде болады. Адам танымы тереңдей дамуы жалпы мәдени өзгерістерге әкеледі, соның арқасында объект туралы ұғым да ұлғайып, сол арқылы атау тағу (номинация)

да дамиды. Зат пен құбылыстың әртүрлі ерекше номинативті белгілерінің танылу нәтижесінде сол ерекше белгілер атау тағуының негізіне алынады. Атау тағу — қоршаған ортаны танып білудің көрінісі ретінде бағалануға тиісті процесс [6; 91]. Осыған сәйкес Қ.Жұбановтың сөзі мынадай: “Номинатив сөзді бірінен-бірі айыру үшін ат қоямыз. Атты неге қоямыз? Оны заттардың өздері жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз. Нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызда болса, онда сөзді шығын қылмай-ақ ымдап өте шығар едік, сонымен де бірталай хабар берер едік (алғашқы адамдар, осы күнгі мылқаулар солай сөйлеседі ғой)...” [2; 151].

Қ.Жұбанов тіл ғылымының білгірі болумен ғана шектелмей, ұлтымыздың арғы-бергі тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, дәстүрі мен өнерін, сонымен қатар, ол Орта Азия мен Шығыс, Батыс елдерінің де тұрмыстық салты мен рухани әлемін тереңнен таныған ғұлама ғалым. Оның кейінгі ұрпаққа жеткен мұраларының өміршендігі — тілді зерттеуге осындай үлкен дайындықпен келуінің себебі деп білеміз. Ғалымның бұл күндері бізге мәлім болып отырған терең мазмұнды ізденістерінің бәрінен дерлік шынайы теориялық топшылаулар мен өрелі ой-түйіндерін аңғарамыз. Басқаша айтқанда, Қ.Жұбанов қаламынан туған сан-алуан ғылыми туындылардың қайсыбірінен болмасын автордың ұлттық тіл мәселесі жөніндегі сындарлы ой-қорытындыларын, сол замандағы қазақ тілі секілді балауса ғылымның көкжиегін ғажайып көрегендікпен болжаған байыпты көземелдерін көріп таң қалмасқа болмайды.

## ӘДЕБИЕТ

1. Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. Алматы, 1990.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999.
3. [www.km.ru/velikanov.ru/culturology](http://www.km.ru/velikanov.ru/culturology): Энци. Культурология XX век.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы, 2004.
5. [www.fulbright.ru/sumschool/index.shtml?/2004/descriptions](http://www.fulbright.ru/sumschool/index.shtml?/2004/descriptions)
6. Салқынбай А.Б. Тіл және мәдениет: Оқу құралы. Алматы, 2001.